


АНТУАН АНРИ БЕККЕРЕЛЬ

1903 жылы физика саласында
Нобель сыйлығының иегері атанған.

- Антуан Анри Беккерель 1852 жылдың 15 желтоқсанында Парижде дүниеге келген. Әкесі Александр Эдмон және атасы Антуан Сезар атақты ғалым, физика профессорлары болған. Сондықтан, бала кішкентай кезінен бастап физикаға қызығушылық танытты.




- Беккерель Ұлы Людовик атындағы лицейді аяқтап, 1872 жылы Париждегі политехникалық мектепке оқуға түседі. Бірінші курстан бастап өз бетімен ғылыми зерттеулер жүргізе бастайды. Екі жылдан кейін Анри Көпірлер мен жолдар жоғары мектебіне ауысып зерттей бастайды.



- 1875 жылы Анри магнетизмнің поляризацияланған жарыққа әсерін зерттеп, алғашқы ғылыми мақаласын жазады. Мақала бірден ғылыми ортада қызығушылық тудырады, нәтижесінде Анри Политехникалық мектепке лектор қызметіне шақырылады. Осылайша ол 1881-жылы профессор атанады.




- 1896 жылы түрлі люминесцентті минералдардың фотопластинкаға әсерін зерттеу барысында, Анри урандық тұздың оған дейін белгісіз болған сәулеленуін ашады. Бұл жаңалық ғалымдарды осы бағытта қосымша зерттеулерге итермеледі.



- ▣ 1901 жылы Анри радиоактивті сәулеленудің физиологиялық әсерін және газды иондау қабілетін ашады.



- Осы жетістігі үшін Анри 1903 жылы Пьер және Мария Кюримен бірге физика саласындағы Нобель сыйлығының иегері атанады



- Антуан Анри Беккерель 1908 жылдың 25 тамызында Ле-Крузикте (Бретань, Франция) қайтыс болады. Оның есімі радиоактивтілік бірлігіне берілген - «беккерель»

